«БЕКІТЕМІН»
«ОҚМА» АҚ ректоры
_____ М.Рысбеков
«_____» ____09____ 2022 ж.

ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 044/335-2022

Күні	Көшірме	Басылым
		Екінші

Шымкент қ.

1. «ОҚМА» АҚ комплаенс офицері **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ,** «06» 09 2022 ж.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңесімен **КЕЛІСІЛДІ,**
«09» 09 2022 ж. № 1 хаттамасы.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

МАЗМҰНЫ

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 4
2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР 4
3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІК 4
4. КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ 4
5. КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ 5
6. КЕҢЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ 5
7. КЕҢЕС ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ 6
8. ҚҰЖАТҚА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ 7

1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңды күшіне ие барлық заңнамалар мен нормативты құжаттарды және «ОҚМА» АҚ ішкі нормативты құжаттарын негізге алады.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

2.1 Осы Әдеп Кеңесінің (бұдан әрі - Кеңес) қызметі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» (бұдан әрі - «ОҚМА» АҚ) мәртебесін, ұйымдық құрылымын, функционалдық міндеттерін, өкілеттіктерін (құқықтарын) және жауапкершілігін айқындайтын нормативтік құжат болып табылады.

2.2 Кеңес «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушыларының тәртіптік істерін қарау, білім беру саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, құқық бұзушылықтар орын алған жағдайда тәртіптік шара қолдану, «ОҚМА» АҚ жарғысын, барлық ішкі тәртіп ережелері мен Әдеп және академиялық адалдық кодексін бұзуға жол бермеу жөніндегі қоғамдық, ақысыз, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2.3 Кеңес «ОҚМА» АҚ кез келген құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік ортасын қалыптастыру негізінде «ОҚМА» АҚ-ның Әдеп және академиялық адалдық қағидаларын іске асыру, оған қарсы іс-әрекеттердің туындау себептері мен шарттарын жою, теріс пайдалануды жою және құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында құрылды.

3. ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ӨКІЛЕТТІК

3.1 Осы Ережені «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді.

3.2 Бекітілген Ереженің мазмұнына, құрылымына оның орындалуына және Ереженің талаптарын Кеңес мүшелерінің назарына жеткізу жауапкершілігі Кеңес төрағасына жүктеледі.

3.3Осы Ереже Кеңестің барлық мүшелерінің өз жұмыстарын басшылыққа алуы үшін міндетті болып табылады.

4. КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

4.1. «ОҚМА» АҚ профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлердің және білім алушылардың, магистранттар мен докторанттардың құқық бұзушылық фактілері, «ОҚМА» АҚ жарғысы, барлық ішкі тәртіп Ережелері, Әдеп және академиялық адалдық кодексінің

талаптарын бұзу фактілері бойынша өтініштерін қарау, ақпараттандыру, құқық бұзушылықтар мен бұзушылықтарға қарсы күрес, «ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушыларға тәртіптік шара қолдану мәселелері. «ОҚМА» АҚ адалдық, іскерлік және әдеп мәдениеті қағидаларын қалыптастыруға және сақтауға бағытталған іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету, еңбек және тәрбие тәртібін нығайту.

4.2 «ОҚМА» АҚ профессорлық - оқытушылық құрамы мен қызметкерлердің және білім алушылардың, магистранттар мен докторанттардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

4.3 Анықталған бұзушылық фактілері бойынша тәртіптік шараларды қолдану.

5. КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ

5.1 Кеңестің құрамын Кеңес төрағасының ұсынысы бойынша «ОҚМА» АҚ ректоры бекітеді.

5.2 Кеңес төрағадан, Кеңес мүшелерінен және дауыс беру құқығынсыз хатшыдан тұрады.

5.3 **Кеңес төрағасы:**

- осы Ережеге сәйкес Кеңесті басқарады, оның қызметін үйлестіреді және Кеңес қабылдаған шешімнің орындалуын бақылайды;
- Кеңес отырыстарын өткізу күні мен уақытын тағайындайды;
- Кеңес отырысына қатысушылардан жазбаша түсініктемелер сұратады;
- өзі Кеңес отырысына қатыса алмаған кезеңде Кеңес мүшелерінен уақытша төрағаны бекітеді.

5.4 **Кеңес мүшелері:**

- Кеңес отырысында шешім қабылдауда ОҚМА» АҚ жарғысына, барлық ішкі тәртіп ережелеріне, әдеп және академиялық адалдық кодексінің қағидаларына сүйеніп, әділ дауыс береді;
- Қажет болған жағдайда Кеңестің жұмысына ұсыныстар енгізеді;
- Кеңес жұмысына белсенді қатысады және өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға бермейді;
- осы Ереженің талаптарына сәйкес жұмыс жасайды;
- Кеңес хатшысы Кеңес шешімі бойынша дауыс беру құқығы жоқ Кеңес мүшесі болып табылады.

6. КЕҢЕСТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 «ОҚМА» АҚ құрылымдарының қызметкерлері, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлер және білім алушылар, магистранттар

мен докторанттар тарапынан «ОҚМА» АҚ жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін, Әдеп және академиялық адалдық Кодексінің талаптарын бұзу фактілері бойынша оларға тәртіптік шара (ауызша ескерту, ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, «ОҚМА» АҚ оқуға қайта қабылдану құқығынсыз (немесе онсыз) оқудан шығару, жұмыстан шығару т.б.) қолдануға құқылы.

6.2 «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан және басқа да мамандарынан Кеңестің міндеттерін орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды сұратуға құқылы.

6.3 Кеңес қызметінің шеңберіндегі мәселелерді әзірлеу және Кеңес қарауындағы мәселені шешу үшін, қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен «ОҚМА» АҚ құрылымдарының қызметкерлерін, профессорлық-оқытушылық құрамы мен қызметкерлерді және білім алушыларды, магистранттар мен докторанттарды, білім алушылардың ата-аналарын, қоғамдық бірлестіктерді, сарапшыларды тартуға, Кеңес отырыстарына шақыруға және тыңдауға құқылы.

6.4 Отырысқа қатысу мүмкін болмаған жағдайда Кеңес мүшелері қаралатын мәселелер бойынша өз пікірін жазбаша түрде білдіруге құқылы.

6.5 Кеңес отырысына Кеңес мүшелерінің қатысуы міндетті.

6.6 Кеңес мүшелері өз өкілеттіктерін басқа тұлғаларға бермеуге міндетті.

6.7 Кеңес мүшелері Кеңес отырысында қаралған мән-жайларды басқаларға жарияламауға, таратпауға және құпиялықты сақтауға міндетті.

6.8 Кеңес хатшысы отырыстың белгіленген күні мен уақытын Кеңес мүшелері мен қатысушы тараптарға жириялап отырысқа шақыруға, Кеңес отырысының хаттамасын жазуға, Кеңестің қабылдаған шешіміне сәйкес хатттамаларды «ОҚМА» АҚ құрылымдарына орындау үшін жолдауға және оларды сақтауға міндетті.

7. КЕҢЕС ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

7.1 Кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыс болып табылады.

7.2 Кеңес отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

7.3 ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкерімен білім алушысы Кеңестің қарауына өтініш, ұсыныс және/немесе баянат беріп шыға алады.

7.4 Отырыстарға Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде 50%-ы қатысса, заңды болып саналады.

7.5 Кеңестің барлық мүшелері шешім қабылдау кезінде дауыс беру құқығына ие (Кеңес хатшысын қоспағанда) және тең өкілеттіктерге ие.

7.6 Кеңес отырысының хаттамасына Кеңес мүшелері түгел қол қояды.

7.7 Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

7.8 Кеңес отырысының хаттамасына Кеңес мүшелері түгел қол қойған соң, хатшы хаттаманың көшірмесін «ОҚМА» АҚ құрылымдарына орындау үшін жолдайды.

8 ҚҰЖАТҚА ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНГІЗУ

Ережеге өзгертулер енгізу қажет болған жағдайда Кеңес төрағасының ұсынысымен «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен іске асырылады.

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Комплаенс-офицер	Пернебаев Н.А.	06. 09. 2022	

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	06. 09. 2022 ж.	
Кадрлық қызмет бөлімінің меңгерушісі	Елеусизова Г.Л.	06. 09. 2022 ж.	
СҚМ бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	06. 09. 2022 ж.	

Келісілген:

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы
Бірінші проректор	Есіркепов М.М.	07. 09. 2022 ж.	
Оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.Ұ.	07. 09. 2022 ж	